

2018 - 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 30 қарашадағы № 113-VI ҚРЗ.

1-бап. 2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет тиісінше осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 8 651 742 646 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша – 5 592 394 446 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша – 120 224 237 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 5 620 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша – 2 933 503 963 мың теңге;
- 2) шығындар – 9 353 497 730 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 129 691 956 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 250 268 731 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 120 576 775 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 51 806 107 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 51 806 107 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -883 253 147 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 1,5 пайызы;
- 6) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы – -4 330 528 103 мың теңге немесе елдің ішкі жалпы өнімінің 7,4 пайызы;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 883 253 147 мың теңге.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте Ресей Федерациясының " Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 38 674 500 мың теңге сомасында және әскери полигондарды пайдаланғаны үшін 6 813 260 мың теңге сомасында жалдау төлемақыларының түсімдері көзделсін.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.04.2018 № 148-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін 2018 жылға арналған түсімдердің көлемдері осы Заңға 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне мыналар есепке жатқызылатын болып белгіленсін:

- 1) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының " Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық" коды бойынша – жер қойнауын

пайдаланушылардың роялти бойынша берешегі, сондай-ақ салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша роялти;

2) Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың бюджет түсімдері сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша – бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар бойынша берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары.

Бұл ретте салық режимі тұрақтылығының кепілдіктері сақталатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер жоғарыда көрсетілген аударымдарды немесе әлеуметтік салықты "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың сомасына азайтады.

5-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемдері 252 771 250 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Атырау облысынан – 98 079 854 мың теңге;

Маңғыстау облысынан – 31 316 423 мың теңге;

Алматы қаласынан – 102 907 355 мың теңге;

Астана қаласынан – 20 467 618 мың теңге.

6-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен трансферттер түсімдері:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты – 49 046 555 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты – 14 653 852 мың теңге;

"Есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін күтіп-ұстауға арналған шығыстарды беруге байланысты – 65 296 мың теңге;

"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу кезеңіне Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгеруіне және Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылуына байланысты 15 066 927 мың теңге көзделсін.

Облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен трансферттердің көрсетілген сомаларының республикалық бюджетке түсімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт мөлшері 2 600 000 000 мың теңге сомасында көзделсін.

8-бап. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 28 284 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 15 274 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 33 745 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 28 284 теңге болып белгіленсін.

9-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын қаражат 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап олардың мөлшерлерін сегіз пайызға көтеру ескеріле отырып көзделген деп белгіленсін.

10-бап. Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, сондай-ақ білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға олар оқуын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды ай сайын 4,16 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлеуге шығыстар көзделсін.

11-бап. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғынжайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленсін.

12-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемдері 1 573 345 504 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Ақмола облысына – 104 043 009 мың теңге;
- Ақтөбе облысына – 56 275 267 мың теңге;
- Алматы облысына – 156 003 745 мың теңге;
- Шығыс Қазақстан облысына – 163 157 610 мың теңге;
- Жамбыл облысына – 158 021 243 мың теңге;
- Батыс Қазақстан облысына – 50 857 832 мың теңге;
- Қарағанды облысына – 103 899 796 мың теңге;
- Қызылорда облысына – 137 143 159 мың теңге;
- Қостанай облысына – 108 989 956 мың теңге;
- Павлодар облысына – 46 829 053 мың теңге;
- Солтүстік Қазақстан облысына – 95 748 762 мың теңге;
- Түркістан облысына – 392 376 072 мың теңге.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-1-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" 2016 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу кезеңіне Шымкент қаласының бюджетіне Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала санатына жатқызылуына байланысты бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 15 066 927 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. 2018 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне:

- 1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға;
- 2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 3) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;

4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;

6) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

8) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді ендіруге;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;

10) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

11) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға;

12) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;

13) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

14) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

15) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

16) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

17) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

17-1) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге;

17-2) ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;

18) медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне;

- 19) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 20) саламатты өмір салтын насихаттауға;
- 21) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 22) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;
- 23) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға;
- 24) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға;
- 25) "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің осы баптың бірінші бөлігінің 11), 12), 16) және 17) тармақшаларында көрсетілген, 2018 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.04.2018 № 148-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2018 № 187-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2018 жылға кредиттер сомаларын бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға арналған қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдаланудың тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

16-бап. "Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілген, таратылған шахталардың жұмыскерлеріне келтірілген залалды өтеуге берілетін қаражатты бөлу және (немесе) оны пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылға арналған резерві 103 409 262 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2018 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруға және сақтауға республикалық бюджет кірістерінде жаңарту тәртібінде шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен 5 620 000 мың теңге сомасындағы қаражатты көрсете отырып, 11 591 652 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2018 жылға арналған шығындарының құрамында мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауға "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамына аудару үшін 21 948 267 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 580 206 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-1-бап. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражат жөніндегі, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі және берешек көлемдері жөніндегі талаптары тоқтатылады деп белгіленсін.

Ескерту. Заң 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

21-бап. 2018 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 1 500 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

22-бап. 2018 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 12 000 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.04.2018 № 148-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

23-бап. 2018 жылға мемлекеттің кепілгерлік беру лимиті 35 200 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

24-бап. 2018 жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті 1 726 942 051 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.04.2018 № 148-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

25-бап. 2018 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы Заңға 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2018 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы Заңға 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

26-бап. Осы Заң 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

"2018 - 2020 жылдарға арналған
республикалық бюджет туралы"
2017 жылғы 30 қарашадағы
Қазақстан Республикасының
№ 113-VI ҚРЗ Заңына
1-ҚОСЫМША

2018 жылға арналған республикалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2018 № 187-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		I. Кірістер	8 651 742 646
1		<i>Салықтық түсімдер</i>	<i>5 592 394 446</i>
1		Табыс салығы	1 755 200 700
	1	<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	<i>1 755 200 700</i>
5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 599 259 285
	1	<i>Қосылған құн салығы</i>	<i>2 147 825 242</i>
	2	<i>Акциздер</i>	<i>99 191 541</i>
	3	<i>Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	<i>334 920 868</i>
	4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	<i>4 516 090</i>

	5	Ойын бизнесіне салық	12 805 544
	6	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	1 210 617 988
	1	Кеден төлемдері	1 176 225 144
	2	Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	34 392 844
	8	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	27 316 473
	1	Мемлекеттік баж	27 316 473
2		Салықтық емес түсімдер	120 224 237
	1	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	83 408 187
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	8 606 709
	3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	13 744 335
	4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	1 937 716
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	46 863 905
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	700 000
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	3 393 534
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	8 161 988
	2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 693 080
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	2 693 080
	3	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	265 270
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	265 270
	4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 703 587
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	10 703 587
	5	Гранттар	819 682

	2	Қаржылық көмек	819 682
6		Басқа да салықтық емес түсімдер	22 334 431
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	22 334 431
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 620 000
2		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	5 620 000
	1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	5 620 000
4		Трансферттердің түсімдері	2 933 503 963
1		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	333 503 963
	1	Облыстық бюджеттерден, республикалық маңынызы бар қалалардың, астана бюджеттерінен трансферттер	333 503 963
4		Ұлттық қордан трансферттер	2 600 000 000
	1	Республикалық бюджетке Ұлттық қордан трансферттер	2 600 000 000
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
Өкімші			
Бағдарлама			
		II. Шығындар	9 353 497 730
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	409 751 219
101		Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімшілігі	7 112 488
	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	4 901 292
	002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	211 733
	003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану жөніндегі қызметтер	496 425
	008	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	959 218
	009	Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	528 095
	011	Қазақстан Республикасында әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	15 725
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2 573 526
	001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 573 526

106	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық	82 620
001	Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау жөніндегі қызметтер	82 620
107	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты	187 350
001	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	187 350
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	70 015 410
001	Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және оның іске асырылуын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	70 015 410
204	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	69 932 872
001	Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	47 423 820
003	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау	221 338
005	Шетелдік іссапарлар	3 342 355
008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы, инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын қамтамасыз ету	92 063
013	Халықаралық ұйымдарда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа органдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру	413 316
017	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы	15 338 781
019	Ақпараттық-имидждік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету	3 044 822
020	Орталық Азия елдерінде гендермен байланысты тұрақты даму мақсаттарының ұлттандыруына жәрдем көрсету	56 377
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	77 206 057
001	Бюджеттік жоспарлауды, орындалуын және мемлекеттік бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер	69 262 336
002	Халықаралық қаржы ұйымдары қаржыландыратын инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	23 296
019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу	10 331
030	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру және дамыту	181 764
067	Саяси партияларды қаржыландыру	6 161 347
072	Салық әкімшілігі жүйесін реформалау	644 908
091	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің объектілерін және инфрақұрылымын салу	60 500
094	Мемлекеттік активтерді басқару	861 575

225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	32 547 567
130	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру	6 295 675
217	Ғылымды дамыту	26 251 892
241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	6 685 160
001	Энергетика, атом энергиясы, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер	6 685 160
242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	34 859 896
001	Стандарттау, метрология, өнеркәсіп, инвестициялар тарту, геология, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, көлік және коммуникацияны, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	11 551 919
222	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу	22 997 459
232	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	310 518
243	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	28 361 553
001	Экономика, сауда саясатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы саясатты қалыптастыру және дамыту, табиғи монополиялар субъектілерінің және статистика қызметі саласындағы қызметті реттеу, бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету, өңірлік даму және кәсіпкерлікті дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер	20 441 540
006	Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды зерттеулердің іске асырылуын қамтамасыз ету	727 370
007	Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру	161 370
057	Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуы	411 897
073	Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету	2 709 903
081	Статистикалық ақпаратты ұсынуды қамтамасыз ету	2 752 015
096	Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізу	1 157 458
247	Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	3 139 790
	Қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (

	001	киберқауіпсіздік), жұмылдыру даярлығы және жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық	2 876 068
	002	Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру ақпараттық жүйесін құру	263 722
248		Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі	2 021 295
	001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 269 475
	002	Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	751 820
406		Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті	1 467 449
	001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 260 781
	007	Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру	206 668
623		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	6 426 269
	001	Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру	5 552 191
	008	Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабты институционалдық қолдау және мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру	625 604
	012	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын тестілеу жөніндегі қызметтер	248 474
637		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Аппараты	472 469
	001	Қазақстан Республикасы Конституциясының республика аумағында жоғары тұруын қамтамасыз ету	472 469
690		Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы	1 842 293
	001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	1 089 897
	002	Сайлау өткізу	752 396
693		Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы	13 929 433
	001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 929 433
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	50 887 722
	001	Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	50 451 340
	055	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жанарту	436 382
2		Қорғаныс	516 477 122

201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	45 224 731
060	<i>Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы қызметті ұйымдастыру</i>	45 224 731
208	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	471 252 391
001	<i>Қорғанысты және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі қызметтер</i>	2 399 475
047	<i>Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету</i>	468 852 916
3	<i>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</i>	639 883 122
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	979 163
003	<i>Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер</i>	979 163
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	191 805 325
015	<i>Халықты жеке басты куәландыратын құжаттармен, жүргізуші куәліктерімен, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттармен, нөмірлік белгілермен қамтамасыз ету</i>	13 405 728
076	<i>Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету</i>	130 854 696
077	<i>Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін ұйымдастыру</i>	34 323 874
078	<i>Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру қызметтерін жүзеге асыру</i>	13 221 027
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	6 269 855
096	<i>Жедел-ізвестіру қызметін және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру</i>	6 269 855
221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	42 882 563
001	<i>Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету</i>	11 688 397
005	<i>Адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі</i>	1 813 004
006	<i>Заңнамалық актілердің және халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама</i>	34 019
009	<i>Құқықтық насихат</i>	643 693
047	<i>Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау, сот немесе төрелік талқылаулар перспективаларын бағалау және жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар және инвестициялық шарттар жобаларына заңгерлік сараптама</i>	18 552 164
050	<i>Қазақстанда құқық қорғау тетіктерін жетілдіру және БҰҰ әмбебап кезеңдік шолу ұсынымдарын тиімді іске асыру</i>	27 249
055	<i>Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қызметін қамтамасыз ету</i>	339 725

	059	Сот төрелігінің секторын институционалды түрде нығайту жобасын іске асыру	4 146 027
	065	Сот сараптамалары бойынша қызметтер	5 638 285
410		Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	291 680 524
	001	Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	291 168 229
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	512 295
411		Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі	10 005 300
	001	Сыртқы барлауды қамтамасыз ету	10 005 300
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	35 772 073
	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	35 772 073
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	25 031 479
	001	Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру	24 925 934
	015	Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру	105 545
623		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	15 753 287
	014	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	15 753 287
681		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі	19 703 553
	001	Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	19 703 553
4		Білім беру	477 710 710
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	372 664
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	372 664
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	10 895 867
	079	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлау	10 895 867
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	11 535 483
	005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	1 200 611
	011	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	9 679 200
	017	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	655 672

221	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	39 813
060	Сот-сараптама кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	39 813
225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	401 983 438
001	Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	6 708 695
060	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға нысаналы салым	20 203 526
092	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	36 273 480
098	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету	3 405 300
099	Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету	153 698 572
203	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	2 998 792
204	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету	166 810 542
221	Мектепке дейінгі мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	328 551
222	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	8 015 633
223	Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	226 600
224	Мемлекеттік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	283 259
226	Өнімді инновацияларды ынталандыру	2 984 358
227	Орта білім беруді жаңғырту	46 130
226	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	30 760 842
003	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	472 907
005	Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	1 308 423
006	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	28 979 512
240	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	17 437 749
005	Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	1 380 025
006	Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	1 351 571
007	Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	6 444

	038	Спорттағы дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу	4 237 904
	040	Спорт саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	7 012
	041	Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау	10 454 793
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	88 892
	236	Тұрғын үй шаруашылығы саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру	88 892
243		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	153 376
	017	Кәсіпкерлік саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	153 376
247		Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	26 916
	005	Ғарыш саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	26 916
501		Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	460 656
	017	Сот кадрларына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	460 656
502		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	1 564 144
	018	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру	1 564 144
623		Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	2 213 970
	002	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	798 368
	013	Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтер	1 415 602
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	176 900
	011	Медицина ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау	176 900
5		Денсаулық сақтау	1 071 536 566
201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	5 218 836
	014	Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу және төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	5 218 836
208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	5 055 952
	008	Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету	5 055 952
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	531 808
	019	Балаларды сауықтыру, оңалту және олардың демалысын ұйымдастыру	531 808
226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	1 042 475 922
	001	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	16 356 190
	013	Денсаулық сақтау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1 594 118

	020	Денсаулық сақтау жүйесін реформалау	2 975 000
	024	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ға нысаналы салым	3 169 954
	053	Арнайы медициналық резервті сақтауды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту	17 151 210
	061	Әлеуметтік медициналық сақтандыру: қолжетімділікті, сапаны, экономикалық тиімділікті және қаржылық қорғауды жақсарту	1 217 000
	066	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық көмек көрсету және оны сүйемелдеу	330 303
	067	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету	954 709 094
	070	Қоғамдық денсаулықты сақтау	44 896 553
	071	Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары және концессиялық жобалар бойынша техникалық көмек іс-шараларын іске асыру	76 500
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	18 254 048
	028	Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы медициналық ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	18 254 048
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 582 635 749
	212	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	1 200 000
	266	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік жөніндегі іс-шараларды іске асыру	1 200 000
	213	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	2 581 435 749
	001	Еңбек, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	4 579 704
	027	Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру және олардың төлемдерін жүргізу	2 553 104 063
	034	Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	98 200
	056	Әлеуметтік-еңбек саласын акпараттық-талдамалық қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер, жұмыспен қамту саясатын жаңғырту	1 450 568
	058	Республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және инфрақұрылымды дамыту	9 628 020
	062	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	57 402
	064	Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің орнықты дамуы: әлеуметтік интеграция және инклюзия бойынша бағдарламаларды ілгерілету	334 317
	065	Мемлекеттік әлеуметтік көрсетілетін қызметтер шеңберінде әлеуметтік жұмыстың тиімді жүйесін дамыту үшін техникалық қолдау	113 824

	066	Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде бағдарламалық жобаларды іске асыру	933 000
	068	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру	11 136 651
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	223 296 531
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	20 794 006
	043	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	20 794 006
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	202 502 525
	227	Қарағанды облысының бюджетіне бұзылу аумағынан тұрғындарды көшіру үшін тұрғын-үй және жатақхана құрылысына нысаналы даму трансферттері	2 526 336
	228	"Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру	97 666 684
	229	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру	102 309 505
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	149 437 455
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	1 690 684
	219	Ғылыми-тарихи құндылықтарға, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 690 684
240		Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	93 247 659
	001	Мәдениет, спорт және туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	1 606 997
	017	Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және қазақстандық патриотизмді нығайту	32 096
	021	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	941 096
	022	Қолданбалы ғылыми зерттеулер	405 399
	033	Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру	57 139 453
	035	Бұқаралық спортты және спорттың ұлттық түрлерін дамытуды қолдау	931 872
	036	Жоғары жетістіктер спортын дамыту	27 885 799
	043	Ұлттық туристік өнімді қалыптастыру мен оны халықаралық және ішкі нарықта ілгерілету	4 304 947
245		Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі	48 409 651
	003	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	46 739 171

	005	"Ұлттық ақпараттық кеңістікке автоматтандырылған мониторинг" ақпараттық жүйесін құру	1 670 480
248		Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі	1 404 362
	003	Мемлекеттік жастар және отбасы саясатын жүзеге асыру	352 675
	004	Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын нығайтуды қамтамасыз ету	1 051 687
694		Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	4 685 099
	006	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу	492 092
	015	Щучинск–Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту	3 977 901
	029	Щучинск –Бурабай курорттық аймағының туристік имиджін қалыптастыру	215 106
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	80 885 026
225		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	400 147
	024	Сейсмологиялық ақпарат мониторингі	400 147
241		Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	69 896 264
	003	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	18 404 002
	036	Атомдық және энергетикалық жобаларды дамыту	2 832 715
	041	Жылу-электр энергетикасын дамыту	48 659 547
242		Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	10 588 615
	056	Экономика салаларында энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету	382 525
	089	Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және Қазақстан Республикасы аумағының геологиялық зерттелуін арттыру	8 732 252
	244	"Қарағандыкөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары және көмір тіліктері қызметінің салдарын жою	1 473 838
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	201 999 890
212		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	195 014 412
	001	Ауыл шаруашылығы, табиғатты пайдалану және жер ресурстарын пайдалану саласындағы жоспарлау, реттеу, басқару	13 856 597
	249	Мал шаруашылығын дамыту үшін және мал шаруашылығы өнімін өндіруге, өткізуге жағдай жасау	21 977 907
	250	Қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру	74 416 669
	254	Су ресурстарын тиімді басқару	35 689 072

	255	Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді, өткізуді дамыту үшін жағдай жасау	6 537 581
	256	Орман ресурстары мен жануарлар әлемін сақтау мен дамытуды басқару, қамтамасыз ету	18 662 889
	259	Жер ресурстары туралы ақпаратқа қолжетімділікті арттыру	9 295 209
	261	Су бөлу жөнінде уағдаластыққа сәйкес трансшекаралық өзендердің ағындысын шекаралас елдерден келуін қамтамсыз ету	143 748
	265	Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту үшін жағдай жасау	670 029
	267	Білімнің және ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру	8 273 133
	268	Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру	5 491 578
	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	6 105 132
	037	Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту	225 291
	038	Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту	53 081
	039	Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту	5 757 922
	044	Технологияларды және үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету	68 838
	694	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы	880 346
	007	Ормандар мен жануарлар дүниесін күзету, қорғау, өсімін молайту	880 346
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8 839 231
	241	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	133 200
	040	Мұнай-газ химиясы өнеркәсібін және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы жергілікті қамтуды дамыту	133 200
	242	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	8 342 350
	057	Өнеркәсіп саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	1 598 317
	090	Өнеркәсіп салаларының дамуына жәрдемдесу және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	3 679 404
	225	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жетілдіру іс-шараларын іске асыру	3 064 629
	247	Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі	363 681
	006	Ақпаратты сақтауды қамтамасыз ету	363 681
12		Көлік және коммуникация	552 608 945
